

"Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 980 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қою туралы

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шарттың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартқа Қазақстан Республикасының атынан қол қойылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2022 жылғы
№ Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы 1998 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарттың және 2013 жылғы 14 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шарттың Қазақстан – Өзбекстан қатынастарындағы маңызды мәнін мойындай отырып,

достықты дамыту мен көпқырлы ынтымақтастықты тереңдетудегі жаңа кезенді білдіретін 2021 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы декларацияны жоғары бағалай отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, Хельсинки Қорытынды актісінің және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да негізгі құжаттарының мақсаттары мен қағидаттарына, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары мен қағидаттарына бейілді екенін растай отырып,

Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңнамасының ережелерін негізге ала отырып, екі ел халықтарының мызғымас достық, тату көршілік және өзара сыйластық қағидаттарына негізделген ғасырлар бойғы тарихи, рухани және мәдени ортақтығына сүйене отырып,

екі мемлекеттің тәуелсіз дамуының 30 жылы ішінде кең форматты екіжақты ынтымақтастықты үдемелі нығайтуда қол жеткізілген табыстардың аса маңызды мәнін атап өте отырып,

саяси, экономикалық, инвестициялық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі кешенді дамытуды жақтай отырып,

екіжақты өзара іс-қимылды екі бауырлас мемлекеттің өмірлік маңызды және ұзақ мерзімді ұлттық мүдделеріне сай келетін, сондай-ақ Орталық Азияда бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басты фактор болатын одақтастық қатынастардың жаңа деңгейіне көтеруге ұмтыла отырып,

одақтастық қатынастарды шарттық-құқықтық бекіту Қазақстан мен Өзбекстанның тәуелсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығы мен орнықты экономикалық дамуын одан әрі нығайтуға жәрдемдесетініне, сондай-ақ Тараптардың ұлттық мүдделеріне сай келетініне сенімді бола отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Шартқа сәйкес Тараптар одақтастық қатынастарды ұзақ мерзімді негізде құрады және дамытады.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар Тараптардың жан-жақты ынтымақтастық, сенім, теңдік және ұлттық мүдделерді өзара ескеру, тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастық пен мемлекеттік шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу, сондай-ақ өзара міндеттемелерді адал орындау негізінде құрылады.

2-бап

Тараптардың бірінің пікірі бойынша үшінші мемлекеттер тарапынан қарулы шабуыл жасау қатерін төндіретін ахуал туындаған жағдайда, Тараптар оны бейбіт жолмен реттеуге ықпал ететін шаралар қабылдау мақсатында екіжақты негізде де,

өздері қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шеңберінде де бір-бірімен дереу тиісті консультациялар өткізеді.

3-бап

Тараптар қандай да бір блоктарға немесе одақтарға қатыспау міндеттемесін растайды, сондай-ақ екінші Тарапқа қарсы бағытталған қандай да бір іс-қимылдарға қатысудан тартынады.

Тараптардың ешқайсысы өзінің аумағы мен ресурстарының екінші Тарапқа қарсы агрессияны немесе өзге де дұшпандық әрекеттерді дайындау немесе жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ екінші Тараптың мемлекеттік егемендігіне, қауіпсіздігіне және аумақтық тұтастығына нұқсан келтіру үшін пайдаланылуына жол бермейді.

Тараптар өз аумағында үшінші мемлекеттердің екінші Тарапқа қарсы қарулы іс-қимылдарды дайындау немесе жүзеге асыру мақсатында коммуникациялар жүйесін және басқа да инфрақұрылымды пайдалануына жол бермеуге міндеттенеді.

Тараптар өңірлік қақтығыстарды халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары негізінде бейбіт жолмен/келіссөздер арқылы реттеуге жәрдемдесуге және ең алдымен, мемлекеттердің егемендігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын сақтау мен қамтамасыз етуге күш салады.

4-бап

Көпқырлы Қазақстан – Өзбекстан ынтымақтастығын бауырластық, одақтастық және стратегиялық әріптестік рухында одан әрі нығайту мақсатында Тараптар мемлекет басшылары басқаратын Жоғары мемлекетаралық кеңес құрады, ол одақтастық қатынастарды дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және Тараптардың ортақ мүдделеріне байланысты барынша маңызды мәселелерді қарайды.

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының жоғары мемлекетаралық кеңесі туралы ереже осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады (осы Шартқа қосымша).

5-бап

Тараптар сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік салаларында өзара тығыз іс-қимылдар жасайды.

Тараптар сыртқы саясатты үйлестіру мүддесінде, алдымен, ең жоғары және жоғары деңгейлерде, оның ішінде екі мемлекеттің қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары мен сыртқы істер министрлерінің қатысуымен тұрақты кездесулер тетігін пайдаланады және жетілдіреді.

Тараптар екі мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында әскери-техникалық саладағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды нығайтады.

6-бап

Тараптар екі мемлекеттің парламенттері, саяси партиялары мен қоғамдық ұйымдары арасындағы қатынастар мен байланыстарды нығайтуға жәрдемдеседі.

7-бап

Тараптар экономиканың әртүрлі секторларында бірлескен кәсіпорындар құру арқылы өзара экономикалық кооперацияны тереңдету үшін жағдайлар жасайды, сондай-ақ өнеркәсіп, көлік және логистика, энергетика, фармацевтика, құрылыс саласы сияқты салаларда өзара тиімді негізде кооперацияны дамытуға ықпал ететін болады.

Тараптар индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру мақсатында өзара тиімді және тең құқылы негізде жаңа индустриялық қуаттарды ұтымды орналастыру және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту жөніндегі іс-шараларды келіседі.

Тараптар мемлекеттер арасындағы сауда айналымын, оның ішінде қажетті жағдайлар жасау және банкаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы нығайтады және ұлғайтады.

8-бап

Тараптар бірлескен жобаларды іске асыру, сондай-ақ екі мемлекеттің орнықты дамуына ықпал ететін ұлттық экономикалардың энергия тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында энергетика саласында, оның ішінде мұнай-газ, электр энергетикасы салаларында, жаңартылатын энергия көздері саласында тең құқықтылық пен өзара тиімді қатынастар негізінде ынтымақтастықты жалғастырады.

Тараптар мұнай-газ саласындағы бірлескен жобаларды, оның ішінде мұнай өңдеу объектілері мен құбыржол инфрақұрылымын салу арқылы іске асыру мақсатында ынтымақтастықты жалғастырады.

9-бап

Тараптар инвестициялық қызметке, өзара инвестицияларды көтермелеу мен қорғауға қолайлы жағдайлар жасайды.

Тараптар кәсіпкерлік пен өзге де шаруашылық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасайды, бірлестіктердің әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарын және заңды тұлғалар мен экономикалық ынтымақтастықтың басқа да субъектілерінің арасындағы тікелей байланыстарды дамытуға жәрдемдеседі.

10-бап

Тараптар трансшекаралық су ресурстарын ұтымды және өзара тиімді пайдалану мен су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалану, сондай-ақ суарудың су үнемдеуші технологияларын енгізу бойынша бірлескен шаралар қабылдайды.

11-бап

Тараптар өздері қатысушысы болып табылатын екіжақты және көпжақты халықаралық шарттарға сәйкес әрекет ете отырып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тығыз өзара іс-қимыл жасайды, экологиялық, оның ішінде трансшекаралық сипаттағы апаттардың алдын алу және олардың салдарымен күресу саласындағы ынтымақтастықты нығайтады.

Тараптар өз аумақтарында халықтың және аумақтардың тыныс-тіршілігіне қатер төндіретін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға өзара көмек көрсетеді.

Тараптар тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын рекультивациялау бөлігінде тәжірибе алмасу бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

12-бап

Тараптар өздері қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыру, сондай-ақ өз аумақтарында қолайлы, оның ішінде Тараптардың бірінің аумағынан баратын ауыл шаруашылығы тауарларын транзиттік тасымалдау үшін рәсімдерді оңайлату бойынша жағдайлар жасау арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тығыз ынтымақтық жасайды.

13-бап

Тараптар жүктер мен жолаушыларды қолайлы және өзара тиімді тасымалдауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ көлік дәліздерінің транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған өзара байланысты көлік жүйесін одан әрі дамыту үшін қажетті құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасайды.

Бұл ретте Тараптар өздері қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Тараптардың бірінің аумағынан шығарылатын тауарларды транзиттік тасымалдау рәсімдерін оңайлату бойынша өз аумақтарында қолайлы жағдайлар жасауда тығыз ынтымақтастық жасайды.

14-бап

Тараптар екі ел халықтарының рухани және мәдени жақындығын сақтауға, ғылым, білім беру, медицина, спорт, мәдениет, мәдени мұра, туризм, ақпарат алмасу саласындағы өзара байланыстарды тереңдетуге жан-жақты ықпал етеді.

Тараптар Өзбекстан Республикасының аумағында тұратын этникалық қазақтар және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын этникалық өзбектер үшін олардың ана тілін, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдіт-ғұрыптарын сақтау және дамыту ісінде қолайлы жағдайлар жасайды.

Тараптар шығармашылық одақтар мен бірлестіктердің, мәдениет, әдебиет, ғылым, білім және өнер қайраткерлерінің арасында тарихи тұрғыдан қалыптасқан байланыстар мен қатынастардың негізінде ортақ мәдени-гуманитарлық кеңістікті сақтау және нығайту үшін жағдайларды қамтамасыз етеді.

15-бап

Тараптардың әрқайсысы өзі аумағында екінші Тараптың заңды және жеке тұлғаларының меншік құқығы мен мүлкін қорғауға кепілдік береді.

16-бап

Тараптар өңірлік жақындасудың өзара мүдделері мен идеяларын ілгерілетте отырып, өңірдегі бейбітшілік пен келісім атмосферасын нығайту ісінде тығыз өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ Орталық Азияда бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара тиімді әскери ынтымақтастық жасайды.

Тараптар Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерін жалпы өңірлік сипаттағы мәселелерді кешенді түрде талқылау мен сындарлы түрде шешу үшін айрықша құзырлы тетік деп есептейді.

Тараптар барлық қатысушы мемлекеттердің мүдделерін қатаң құрметтеу жағдайында жан-жақты ынтымақтастықты нығайту және осы алаңның әлеуетін барынша іске қосу мақсатында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерінің форматын жетілдіру бойынша мақсатты түрде өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ бір-бірінің мүдделерін өзара құрметтеу негізінде Орталық Азия мемлекеттерінің өздерінің өңірлік аспектілердің бүкіл кешені бойынша өзара қолайлы шешімдерге қол жеткізуіне жәрдемдеседі.

Тараптар Орталық Азияның су-экологиялық проблемаларын шешудегі өңірлік институционалдық алаң болып табылатын Халықаралық Аралды құтқару қорының шеңберінде тығыз ынтымақтастықты жүзеге асырады, Арал мен Арал маңы аудандарының экологиялық жүйесін қалпына келтіру, сондай-ақ аумақтарды, оның ішінде Арал апатының ықпалына ұшыраған аумақтарды экологиялық жағынан сауықтыруға және әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытуға бағытталған халықаралық және өңірлік жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру бойынша өзара іс-қимыл жасауды жалғастыра береді.

17-бап

Тараптар қарусыздандыру және жаппай қырып-жою қаруларының барлық түрлерін және оларды жеткізу құралдарын таратпау, оның ішінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартты (ЯҚТШ) және оның барлық аспектілерінде таратпау режимін тиімді жүзеге асыру мәселелерінде өзара іс-қимыл жасайды.

Тараптар Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақтың ядролық қаруды таратпау режимін нығайту, ядролық энергияны бейбіт мақсаттарда пайдалануда ынтымақтастықты дамыту, радиоактивтік ластанудан зардап шеккен аумақтарды экологиялық жағынан оңалтудағы ынтымақтастықты дамыту мен өңірлік және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолындағы маңызды қадам болып табылатынына сенімді бола отырып, өзінің 2006 жылғы 8 қыркүйекте Семей қаласында қол қойылған Орталық Азиядағы Ядролық қарудан азат аймақ туралы шарттың ережелеріне бейілді екенін растайды және Орталық Азия өңірінің ядролық қарусыз мәртебесін одан әрі нығайту бойынша бірлескен күш-жігерді жалғастыра береді.

18-бап

Тараптар жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу, қауіпсіздік пен тұрақтылықтың өңірлік және жаһандық проблемаларын шешу ісінде Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі рөлін одан әрі нығайтуға бейілді екенін растайды.

19-бап

Тараптар тиісті консультациялар жүргізе отырып, негізгі халықаралық проблемалар мен өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша ұстанымдарды айқындау кезінде өзара іс-қимыл жасайды.

Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының, Түркі мемлекеттері ұйымының, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің, Шанхай ынтымақтастық ұйымының, Ислам ынтымақтастығы ұйымының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының және басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдар мен форумдардың шеңберінде өзара іс-қимылды одан әрі дамытуға екі жақтан да ұмтылыс бар екенін атап көрсетеді.

20-бап

Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес халықаралық терроризмді, діни экстремизмді және сепаратизмді, трансұлттық ұйымдасқан қылмыскерлікті, кибер қылмыскерлікті, заңсыз көші-қонды, адам саудасын, қару-жарақтың, есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымын қоса алғанда, қауіпсіздіктің жаңа сын-қатерлері мен қауіп-қатерлеріне қарсы іс-қимылда ынтымақтастықты одан әрі дамыту және тереңдету үшін өз күш-жігерлерін үйлестіріп, біріктіретін болады.

Тараптар заңсыз көші-қонға, оның ішінде жеке тұлғалардың өз аумағынан және ол арқылы заңсыз өтуіне қарсы күресте ынтымақтастық жасайды.

Тараптар қауіпсіз, реттелген және заңды еңбек көші-қоны саласындағы қатынастарды дамытуға ұмтылады.

21-бап

Осы Шарт үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және Тараптардың өздері қатысушысы болып табылатын басқа да екіжақты және көпжақты халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

22-бап

Осы Шарттың ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар қажет болған жағдайда өзара мүддені білдіретін нақты ынтымақтастық салаларында жекелеген халықаралық шарттар жасайтын болады.

23-бап

Осы Шартты іске асыру кезінде туындайтын келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

24-бап

Осы Шарт ратификациялануға жатады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап он екі ай өткенге дейін күшінде қалады.

2022 жылғы _____ Ташкент қаласында әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Тараптар осы Шарттың ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы
үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы
мен Өзбекстан Республикасы
арасындағы одақтастық
қатынастар туралы шартқа
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының жоғары мемлекетаралық кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

1. 2021 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы декларацияға сәйкес Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы (бұдан әрі – Тараптар) Жоғары мемлекетаралық кеңес құрады.

2. Жоғары мемлекетаралық кеңес қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуын жоғары деңгейде бақылайтын мемлекетаралық орган болып табылады.

3. Жоғары мемлекетаралық кеңесті мемлекет басшылары басқарады.

4. Жоғары мемлекетаралық кеңес өз отырыстарын келісілген мерзімдерде Тараптардың әрқайсысының аумағында кезекпен тұрақты негізде өткізеді.

5. Шұғыл мәселелерді шешу үшін кез келген Тараптың бастамасы бойынша Жоғары мемлекетаралық кеңестің кезектен тыс отырыстары шақырылуы мүмкін.

6. Жоғары мемлекетаралық кеңестің отырыстарына Тараптардың үкіметтері мен парламенттерінің басшылары мен мүшелері, сондай-ақ шақырылған адамдар (келісу бойынша) қатыса алады.

7. Жоғары мемлекетаралық кеңес қажеттігіне қарай тұрақты немесе уақытша негіздегі жұмыс топтарын құра алады.

8. Егер мемлекет басшылары өзгеше шешім қабылдаса, аумағында кезекті кездесу өтетін Мемлекет басшысы Жоғары мемлекетаралық кеңестің төрағасы болып табылады.

9. Жоғары мемлекетаралық кеңес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

екіжақты қатынастардың неғұрлым маңызды саяси, экономикалық мәселелерін қарастырады;

одақтастық қатынастарды дамыту мен нығайтудың негізгі бағыттарын айқындайды;
өзара мүддені білдіретін өңірлік және жаһандық негізгі халықаралық мәселелер бойынша ұстанымды айқындайды.

10. Жоғары мемлекетаралық кеңестің шешімдері мен ұсынымдары консенсус негізінде қабылданады.

11. Жоғары мемлекетаралық кеңес өз қызметінде екі Тарап та қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды, өзінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

12. Тараптар өз делегацияларының Жоғары мемлекетаралық кеңестің отырыстарына қатысуына байланысты шығыстарды өздері көтереді. Қабылдаушы мемлекет Жоғары мемлекетаралық кеңестің отырысын өткізу үшін қажетті ұйымдастырушылық, ақпараттық, материалдық-техникалық жағдайларды жасайды.

13. Жоғары мемлекетаралық кеңестің қызметін үйлестіру Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне (бұдан әрі – СІМК) жүктеледі. СІМК туралы ереже Жоғары мемлекетаралық кеңестің шешімімен бекітіледі.

СІМК Жоғары мемлекетаралық кеңестің қабылдауына енгізілетін күн тәртібінің, шешімдердің және қорытынды құжаттардың жобаларын қарайды және мақұлдайды.

14. Жоғары мемлекетаралық кеңес қабылдайтын шешімдер мен құжаттар екі данада қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалады.

15. Жоғары мемлекетаралық кеңестің жұмыс тілдері қазақ, өзбек және орыс тілдері болып табылады.

16. Қажет болған жағдайда, Тараптар өзара келісу бойынша осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер Жоғары мемлекетаралық кеңестің отырысында қабылданады.